


Ертай Ашықбаев



ЖАҚСЫ БАҒА

Ертай Ашықбаев

ЖАҚСЫ БАҒА

ӨЛЕНДЕР,
ЖАҢЫЛТПАШТАР,
ЖУМБАҚТАР

Дәйін жақсамылға
сүйітіп, пішаномаға
шүйітіп түркітіп
лісерді атаға,
іңілік ізетіп
шорғауден

Ертай
16. IV. 91 ш.
Ашықбаев



АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1991

ББК 84Каз7—5
А 97

Аншкбаев Е.
А 97 Жаңы баса: Өлеңдер, жаңылугаштар,
жұмбактар.— Алматы: Жалын, 1991.— 72 бет.
ISBN 5-610-00830-1


Казакстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты
Есітәй Ашықбаевтың бұл кітабына батыларға арналған
өлеңдер, жаңылугаштарды мен жұмбактары енген.
Вағындар үземделса саб жаза билетін автордың олеңдері
өзіндік ғалстарға таптағады.

4803250292—023

А — 18(5)94 72-91
Аншкбаев Елдара
ISBN 5-610-00830-1
Серия: Ауыл шары
Редактор: А. Ахметова
Художник: А. Ахметова
Макет: А. Ахметова
Издательство: «Жалын»
Адрес: 460000, г. Алматы, ул. Аль-Фараби, 10
Телефон: (01) 322-22-22
Факс: (01) 322-22-22
E-mail: jalyn@kznet.kz

ББК 84Каз7—5

© Ашықбаев Е., 1991





АЗАМАТ ӨСІП КЕЛЕДІ

*Ерінбей сурет салады,
Жасайды қағаз кемені,
Таудан да биік талабы
Азамат өсіп келеді.*

*Көрсетіп көмек кішіге,
Үлкенге сөлем береді.
Ұқыпты барлық ісінс
Азамат өсіп келеді.*

*Агаларына ереді,
Карсы алып нұрлы таңдарды.
Азамат өсіп келеді,
Бұл кітап соған арналды.*

КРЕМЛЬ КУРАНТАРЫ

Ояндым ерте тағы мен,
Жұмыс көп қолға алатын.
Кремль куранттарымен
Түзеді көкем сағатын.

Естіген кездे дауысын
Кремль куранттарының:
Нұрлантын дала, тау ішін,
Құміс күн төгер жарығын.

Сағатын көкем тағы да
Түзеп, тыңдал көреді.
Кремль куранттарына
Үн қосып түр ол, себебі.

РЕВОЛЮЦИЯ

Берді атама қол үшін
Үмтүлғанда қияға.
Рақмет сол үшін
Революцияға.

Отан — ыстық қонысым,
Қонған құспын үяға.
Рақмет сол үшін
Революцияға!

7 НОЯБРЬДЕ

Қала ерте оянды,
Тұрды ағам,
Тұрды інім.
Көшे нүрга боянды,
Мерекелі күп бүгін.

Мәз бол қуліп бар адам,
Құттықтайты бір-бірін.
Октябрьден тараған,
Мерекелі күн бүгін.


Куанышка бөледі
Елімнің бар тұрғынын.
Алаңға жүрт келеді,
Мерекелі күн бүгін.

ОТАНЫМ

Жүздеген, мындаған
Собидің күлгейін
Куана тыңдаған
Отаным бұл менің.

Шаршасам демалам,
Бір ерке ботамын.
Өсірер мені аман
Отаным,
Отаным!

Десе егер:
— Панаң кім?
Өзінді атадым.
Анасы анамың —
Отаным,
Отаным!



САЛЮТ

Кешкі салют басталды,
Дүр сілкінді қалалар.
Нұрландағы аспанды
Зеңбірекші ағалар.

Отаным айбынды
Жүргегінің дүрсілі —
Тоғызыныш май күнгі
Зеңбіректер гүрсілі.

ҰСТАЗ

Ақылын тыңдадым,
Сөзін де бөлмедім.
Еңбегін жырладым,
Ұстазым ол менің.

Мол білім — үққаным,
Үлгілі іс — көргенім.
Қасынан шықпадым,
Ұстазым ол менің.

Көзәйнек киіпті,
Жүзіне түсті әжім.
Сонда да сүйікті
Ұстазым,
Ұстазым.

МЕНІҢ АТАМ

Күл де ойна,
Күлме, мейлі,
Атам отыр,
Үндемейді.

Сол үнсіздік батты маған,
Мен құлынмын шапқылаған.

Қозы болам,
Лақ та болам.
Жүгіре алам,
Мақтана алам.

Абайламай құлап қалам,
Түк болмайды бірақ маған.

Шымыр болу керек деймін,
Тұрып алып дедектеймін.

Сонда атам сақалы аппақ
Қала-тұғын қапалақта.

Қөрмеп едім қаталдығын,
Үндемейді атам бүгін.

Сүйенеді таяғына,
Сырқырайды-ау аяғы да.

...Ата, не деп күбірледің?
Түсті ме еске жүгіргенің?

Мен де, әрине, өкінемін,
Мұңайма, ата,
Өтінемін.

Мұнша ұлды, мұнша қызды
Аяма, Ата,
Жұмса бізді.

Сүйеп жүрер жан Атана
Әрқашанда балапаны.

КОСМОНАВТ

Алта түгіл ай өтті,
Ол космосқа ұшқалы.
Сонша неткен сай, епті,
Сонша неткен күшті әрі.

Еш адамға жолықпас,
Гүлге толмас құшағы.
Сонда да бір жалықпас,
Күні-түні ұшады.

Ол кеткенде қыс еді,
Жер беті енді көктеңбіл.
Қашан жерге түседі?
Шыдамды еді неткен бұл?

Сөз болғанда бұл ағай,
Ал ұяла бастаңдар —
Түске дейін шыдамай
Сабағынан қашқандар.

ЖОРЫҚ ЖЫРЫ

Бейтаныс жерге аяқ басарда
Қыын деп ешқашан қорықпа.
Балақай,
Дайын бол қашанда
Жорыққа,
Жорыққа,
Жорыққа.

Талайлар жорықта тұледі,
Қосылғын сен де сол катарға.
Жүреді талантты ер үнемі
Сапарда,
Сапарда,
Сапарда.

Елеме аптанты... қар-мұзды...
Көмекке әзір бол дос үшін.
Сынайды әр ұлды, әр қызды
Осы сын,
Осы сын,
Осы сын.

САҚШЫ

Оңай деп ойлама жұмысын,
Қөп алғыс айтамыз бұл үшін.
Сақшы тұр шекара шегінде
Күзетіп елімнің тынысын.

Күзетіп тұр сақшы даласын,
Ауылын,
Аяулы қаласын.
Өзінің балдырыған кезінде
Үйқысын күзеткен анасын.

МАҢДАЙ ТЕРДІҢ ЖЕМІСІ

Дала нұрға бөленді,
Бізге тағы жоқ тыным.
Отыргызам мен енді
Қөшеттердің көп түрін.

Шөлдегенде суарам,
Копсытамын түбін де.
Көркейеді бұл алаң
Күндердің бір күнінде.

Жеміс толып,
Майысып,
Бұтақ жерге иілер.
Саясында шай ішіп,
Әжем маған сүйінер.

Тамсанар-ау ел іші,
Қызығар-ау жолдасым:
Маңдай тердің жемісі
Неге тәтті болмасын?

ГАЛСТУК

Мен галстук тағамын,
Енді міндет көп мұлдем.
Қуанышты баламын,
Пионерге өттім мен.

Улгілі оку — талабым,
Қуантсам-ау тек елді.
Иә, галстук тағамын,
Пионермін мен енді.

Болмайды рой ағайға
Оқымадым деуге енді.
Тік ұстармын қалайда
Галстукті кеудемді.

Мақсатым бар қаша әлі,
Үміт күтіп жүр елім.
Қуантсам деп баршаны
Лүпілдейді жүргегім.

КӨП БАЛАЛЫ ҮЙ

Жасыл шалғын тәңірек,
Далам петкең келісті.
Жаңбыр жауса көбірек
Көркейеді жер үсті.

Дәл осындаі сәттерде
Жазылады өлеңім.
Жазып қойдым дәптерге:
Көп жаңбыр...
Ол — көп егін.

Осыны бар ел тілер,
Көп жаңбыр...
Ол — тоқшылық.
Қала сөнін келтірер
Көп егілсе көк шыбық.

Көп бес алсам мен егер
Шаттанамын, әрине...
Көп бақытқа кенелер
Көп баласы бар үй де.

БАЛАБАҚША

Мамаңа еріп келдің сен,
Папаңа еріп келдің сен.
Қаладағы ең жақсы үй
Балабақша мен білсем.

Себебі ме, себебі,
Себебі ме, себебі:
Барлық мама келеді,
Барлық пана келеді.

СҮРЕТ ТУРАЛЫ СЫР

Қонаққа мен барамын
Тұystарға шалғайдан.
Көрем сонда ағаның
Суреттерін сарғайған.

Келмесін деп зұлымдар
Біздің жайлы қонысқа,
Осындаі сан мың ұлдар
Қаза тапқан соғыста.

Жүріп жеңіс жолында
Қорғап қалды халықты.
Естелік бол соңында
Суреттері қалыпты.

Бейбітшілік қалауым,
Құлақ сал бұл сөзіме:
Сау болсын әр ағаның
Суреті де,
Өзі де.

ЖУРНАЛИСТИҚ СЫРЫ

Бір жаңалық табамын
Ауылдан да ең алыс.
Дайын қағаз, қаламым,
Жоқ мен үшін демалыс.

Жолға шығу қын ба?
Кездім талай жерді де.
Пионерлік жиынға
Барып келдім мен, міне.

Көпіл тыныш жата ма?
Қаламым да зулады —
Жазған кезде мақала
Жақсы бала туралы.

ОФИЦЕРДІҢ ОЙЫ

Қалыпты жай бұл күй:
Тәртіп бізде қатац.
Ерте тұрам ылғи,
Төсекке кеш жатам.

Өзіме бұл ұнар,
Жүрмін елді корғап.
Айтқанымды ұғар
Кіл қырағы солдат.

Төзім, жігер керек,
Осы біздің ұран.
Солдаттарым зерек,
Кіл мұзбалак қыран.

Ерлік — мәңгі мұрам,
Осы біздің ұран.
Куаныш-ақ тұрам
Шынықса әр ұлан.

САУЫНШЫНЫҚ АҚЫЛЫ

Кел, мейлі, қай маңға,
Мейлі, қай аймакқа.
Табылар айран да,
Табылар қаймақ та.

Колың бос мезгілде
Фермаға соктың ба?
Сонда сен сездін бе?
Жалқаулар жоқ мұнда.

Бұл — еңбек мекені,
Бұркенбе көрпемен.
...Өріске кетеді
Бұзау да ертемен.

ФОТОГРАФТЫҢ ТӘЛІМІ

Қалсын дейсің естелік,
Иә, жағдайды түсінем.
Тұрмын бәрін ескеріп,
Ал суретке түсірем.

Жаман бала секілді
«Тездетші» деп ұрыспа.
Түзең қойғын кекілді,
Жағанды да дұрыста.

Қағып қоям арқаннан
«Тәртіптілік керек» деп.
Ал қолыңды қалтаңнан,
Жымыш көр, сен, ептел.

Тұзу ұста денені,
Деме: «Осы жарайды».
...Бұл суретке себебі
Ертең бар жүрт қарайды.

ПОЧТАШЫНЫң СЫРЫ

Ондал,
Жұздеп
Күнгө хат аламын,
Апа, ага, ініге анарамын.

Жүрмесін деп уайымдаپ аталарам,
Пенсиясын дайындаپ анарамын.

Газеттерін күткенде папаларың
Үйде қалай тып-тыныш жата аламын.

Кешіктірмей барлығын апарамын:
Сонда ғана іскер жан атанамын.

МЕНИҢ СУРЕТ ДӘПТЕРИМ

Сурет салсам...

Сурет салсам — гүл саламын,
«Гүлге толып тұрса алаңым»,—
дәймін мен.

Сурет салсам — Күн саламын,
«Күндей күліп тұрса маңым»,—
дәймін мен.

Сурет салсам — қала салам,
«Болсын барлық баласы аман»,—
дәймін мен.

Сурет салсам — Адам салам,
«Қорған болсын маған, саған»,—
дәймін мен.

Лақ пен сурет

Лакты бағар келді күн,
Ұғамын мәйін сибектін
Өріске шықтым мен бүгін,
Кекке жайыл келмекшін.

Нагы жүр, мінё, сеқіріп,
Ол енді маган бағынбас.
Салуга сурет бекініп
Әкеалем дәлтер, карындаш.

Бұлакиен,
Жасыл шалғынмеи
Табысып лак үлгерді.
Параққа сосын салдым мен
Куракты,
Шөпті,
Гүлдерді.

Көркіне бірақ да ланың
Үйрепбей лағым жүр тегі.
Дәптерімнің парагын
Тұмсығыменен түртеді.


Болса да байтак бұл мекен
Қасыма лағым көп келді.
Жегісі келіп жүр ме екен
Мен салған сурет «шөптерді».

Менің кейіпкерлерім

Дәптерге қуана салдым-ау
Сүйікті ұстаздың бейнесін.
Орденді әпкеміз ал мынау —
Тігетін балалар жейдесін.

Ұнайды дел осы іс маған,
(Ұнар ма, біракта сіздергे?)
Тұр, міне, күлімден ұста ағам
Әткенишек жасаган біздерге.

Кеш түсті,
Келмейді көз ішті,



Жоснарым көп менің әлі де.
Ал, мынау...
Суретім өзімнің,
«Ракмет» дегі тұрмын боріңе.

БӨЛІМЕ

Көне, күл де, биле,
Қабагыңды түйме.
Суретінді салам
Дәл осындағай күйде.

Тұр да жеке-дара,
Сол жымнып қара.
Кай үйдің де көркі —
Күліп түрған бала.



САУАЛ

Мұз астында қалып,
Өріп жүр ме балық?
Айналасын анық
Көріп жүр ме балық?
Әлде мұзды жарып,
Түсірсем бе жарық?..



СҮЙҚТА

Күз бен қыс алмasti,
Жерді қар басты.
Жаңа жылдың бұл —
Айы алғашқы.

Тогай сынсыды,
Аяз шымшиды.
Қөзден мөлдір жас
Неге ыршиды?

Бұлт жоқ аспанда,
Аяздан қашқан ба?
Ак қар сыйырлар
Аяқ басқанда.

Бакыла торғайды,
Қапатын қомлайды.
Кім көл қозгалса,
Сол түк тоңбайды.

ҚАР ЖАУДЫ

Жауды кеше ак кар,
Қыс келді біз жакка.
Дала,
Қала,
Бактар
Жамылды ак макта.
Жер өзгеріп қалды,
Еніп басқа түрге.
Бір бұрышқа қарды
Үйінің жел түнде.
Бұл да қызық белгі,
Бір ой маган келді.
Тенеймін мен енді
Сылыргышқа —
Желді.

ЖАСЫЛ ШЫРША

Қалай тез жиылған
Мұнша үл, мұнша кыз?
Жетіпті кырдан
Жап-жасыл шыршамыз.
Өкпелел қаламыз,
Көңілеіз түрсаныз.
Ражап кой,
Қараңыз,
Жап-жасыл шыршамыз.
Айтқызбай болмайды
Үлдарга, қыздарга эн.
Шыршамыз тонбайды
Енді еш ызгардан.

МЕН ТУҒАН КҮН

Тойлайынышы мен де енді,
Карлы ақпанда туылпын.
Сол күн бүгін келген-ді,
Дала бірақ сұық тым.

Көре алмадым торғайды,
Қатып жатыр бұлақ та.
Өзгертуге болмайды
Туған күнді бірақ та.

Басталды бір ак боран,
Үйге кірдім қайтадан.
Енді қайтіп шаттанам,
Енді қайтіп айтам ән?

Түзей алар кім мұны?
Кінә — туған күнімде.
Жыл сайын мен бұл күні
Отырам пеш түбінде.

АЯЗДА

Күн аяз,
Кар қаи-қалың,
Мен асықтым үйге енді.
Қымтаңбақ ем...
Таипадым,
Үзілпін бар түймемді.

Қолымның да тоңғанын
Енді ғана байқадым.
Жоғалыпты қолғабым,
Алама не айтамын?

Ат шауып жүр танаурап,
Қар үшады түяктан.
...Кетті бетім алаулаң,
Аяз емес...
Үяттан,



БІРІНШІ ЯНВАРДАН СОН

Шырша құшақ жаяды,
Көрдік Аяз Атана.
Қолында бар таяғы
Қардай аппақ сақалы.

Жүрді деп ойнатып,
Күтіп өдік сағына.
Бір түн бізді тойлатып,
Кетіп қалды тағы да.

Алып кеткен кім деймін,
Асықты ол неліктен?
Қайда кетті?
Білмеймін,
Жүрер едім еріп мен.

ЖЫЛЫ ЖЕР

Қызықтайсың түрін,
Таба алмайсың қырдан.
Бар бір аппақ гүлім
Үйде өсіп түрган.

Қайтсін қырға көшіп,
Не бар белес-белде?
Тұрады ол өсіп
Үйде —
Жылы жерде.

Унсіз мұлгіп бақ түр,
Қарға толды ірге.
Бөлмеде...
Мен,
Ақ гүл
Жылынамыз бірге.

ҚЫСТА ТУҒАН ҚОШАҚАН

Босатпақ ем сені мен
«Кезіп қайт, деп, қырқаны».
«Тоңады қыс лебінен
Ерте,— дейді жүрт,— әлі».

Қын болды-ау ақпанды
Түғандығың, қошақан.
Жүрт қарсы боп жатқанда
Қалай сені босатам?

ОЙЫННАН СОН

Жапты ақ қар даламды,
Көрген соц-ақ мұны мен,
Алып шығып шанамды
Сырғанадым күнімен.

Қызықтардың барлығын
Қалай айтып таусамын?
Тәбелерден қарғыдым,
Тоңды бетім, саусағым.

Тоңдым,
Үйге кірдім мен,
Шанам қалды қорада.
Қора сұық,
Кім білген,
Шанам енді тоңа ма?

НӨСЕР

Қөгеріп кеше еккені,
Әйнектен қарап түр атам.
Қектемде нөсер төккенін
Мен дағы шексіз ұнатам.

Бір құрбым болса қасымда,
Жүгіргім келіп түр менің.

Суланып қалды шашым да,
Суланып қалды көйлегім.

Шықты, үйден күліп, эңе, атам,
Ол да енді суға малинына.
Тосып ем көкке алақан,
Қытыктап жатыр тамшылар.

МЕНИҢ КЕМЕМ

Кеме жасап әуре болдым бірер күн,
Сол кемемді өзенге әкеп жібердім.

Құстардың мен білемін не жейтінін,
Олар үшін салдым дәннін кей түрін.

Құрт та салдым балықтарға арнап мен,
Баска сыйым оған сыймай қалды, эттен.

Аттандырып «жүк» тиелген кемемді,
Қала бердім қолым бұлғап мен енді.

Баскаар ем капитан боп тәзімді,
Кемем бірақ көтермейді өзімді.

ТЕРЕЗЕДЕН ҚАРАҒАНДА

Терезеден бақылап,
Қараймышы тастакқа.
Жасыл емес жапырак,
Тап-таза емес асфальт та.

Тап-таза емес...
Бұл қалай?
Бұл құтпеген жайт еді.
Сенгім келмей тұрганы-ай,
Сыртқа шықсақ қайтеді?

Тұрмып сыртта бақылап,
Кызығамын тастаққа.

Жап-жасыл ғой жапырак,
Тап-таза ғой асфальт та.

Барлығы да ғажап-ақ,
...Ұят мұным, әй, менің.
Сүртпеппін ғой тазалап,
Тереземнің әйнегін.

ҚҰСТАР КЕЛЕР

Шебер ұста емессің деп таласна,
Үйрендім бір таныстан.
Үйшік жасап ілдім биік ағашқа
Көрінсін деп алыстан.

Жылы жактан қатар түзеп, тізіліп,
Қустар келер тағы да.
Жылдағыдай карасын жұрт қызығын,
Біздің үйдіш бағына.

МӘПЕЛЕЙМІН

Жатпаймын тіресін,
Жарлық та күтпеймін.
Ағама ілесін,
Картолты түптеймін.

Өспейді көмекеіз
Багымның бір талы.
Ағаштың керексіз
Бұтағын қырқамын.

Еш тыным таппаймын,
Гүлім көп өсетін.
Суарып балтаймын,
Шиенің көшетін.

Қірісем шошымай,
Ұқнаймын несін мен?
Бізді де осылай
Мәпелен өсірген.

ЕҢБЕК

Талай бала шыныкты
Барып биыл орманга.
Ектік көп-көп шыбыкты
Тағы да біз сол манга.

Құндердің бір күнінде
Өседі ол ыргала.
Демалады түбінде
Өзіміздей бір бала.

* * *

Жуды нөсер алапты,
Болды дейсін, ой, қызық.
Шалшық кешіп,
Балакты
Қайттық суга тойғызып.

Бір іс соған барабар
Күтіп түрді, ой, бізді.
Бізді...
Ашулы мамалар
Шапалаққа тойғызыды.

ЖАЙЛАУ

Бір қанталда — тал, шыбық,
Жасыл жусан — бір қантал.
Бойшешек те баршылық,
Иір-иір құлмақ бар.

Шалғын анау ыргалған,
Өсіп жатыр тасқа гүл.
Қете алмайсың бұл маңдан
Қызық ізделеп басқа бір.

Сурет етіп барлығын
Ақ қағазға көшірдік.
Тақырыбы ал мұның:
«Жайлау және өсімдік».

БОЯУЛАР

Суретке сән кіргізген
Қызыл бояу —
калаудым,
Түеі ғой ол жүлдіз бен
Желдірғен жалаудын.

Қалай аулақ қоямын:
Сары бояу —
келісті.
Осы түстегі боядым
Алқантагы егісті.

Кайтесіңдер таласын,
Керегі не басқаның —
Түрған жок па жарасын,
Көк бояу мен аспаңым.

Табиғаттың өзінен
Талай бояу таба алар —
Суретпінің көзімен
Қарай білсе балалар.

БҰЛАҚ

Мөлдір десен, мөлдір-ак,
Рақатын көрді бак.
Толтырса да тоғанды
Токтамады ол, бірак.

Басқа бакқа құлады,
Маған әбден үнады.
Бұлақ деген —
даланың.
Бұрауы жок краны.

ДАЛАДАҒЫ ТЕЛЕСКОП

Қиіз үйдің тұндігінен
Ашық аспан емінеді.
Жымындақан бір-бірімен,
Жұлдыздары көрінеді.

Сырын ойлап әр аңыздың,
Жұлдызы санап жүрдік тегі.
Телескобы даламыздың —
Киіз үйдің тұндіктері.

ГҮЛДЕР

Тиістімін мақтауга
Қоштаса да, күлсे де ел.
Гүл алаңын баптауга
Қарындасым тым шебер.

Қөйлектің де киеді
Гүлі барын... құлімдеп.
Сондықтан ба?
Сүйеді
Апам оны «гүлім» деп.

САҒЫМ

Толқын-толқын сағымды
Көл деп Мұрат жаңылды.
«Алыс па?» — деп сұрады,
«Шомылам», — деп жылады.
Көзінен жас ыршыды-ай,
Әй, сағымның қырсығы-ай!

ЖУЫНДЫРЫП ЖІБЕРЕДІ

Бала көрсе сатпақ түрі,
Ағады өзен сақ-сақ күліп.
Жуындырып жібереді,
Шомылғанда аппак қылып.

ЖИДЕ ТЕРЕ БАРҒАНДА

Құтіп жүр ем талайдан,
Қуанғаным енді анық.
Жиде тердік тоғайдан
Папам, мамам, мен барып.

Неткен осем жер еді,
Міне, толып келеді:
Папамың да шелегі,
Мамамың да шелегі.

Мынау менің шелегім,
Толтыра алмай келемін.
Қетті ме екен көп болып,
Тергенімнен...
Жегенім?

БЕРЕКЕТСІЗ ҚҰЙЫН

Жалқаулығым әлі менің
Бар-ау,
Оның несі ұнамды?
Қөрші үйге барып едім,
Қоқыс екен есік алды.

Сірә, ешбір адамның да
Қелмеген-ау иілгісі.
Толып жатыр дәл алдымда
Шуберектің қындысы.

Дәптердің де парактары
Шашылыпты,
Қөріп түрмyn.
Айналама қарап тағы,
Қанша қыкым жолықтырдым.

«Тазалық тез қолға алынса...
Жинар ем мей...
Үйім бөлек...» —
Деп ойланып болғанымша
Қөтерліді құйын кенет.

Елтілігін кім елепті?
Сабак қой бұл салактарға —
Іліп кетті шүберекті,
Коса кетті пәрәктар да.

Шара бар ма күлмесіме?
Қара мына тажап «сыйын».
Біздің үйдің іртесіне
Тастап кетті бөрін күйян.

Тал-таза еді баста үйім,
Мен сынырып тұрмасам да.
Әкетер мә басқа күйян,
Әлде өзім жинасам ба?

ӘҢГЕЛЕК

Бөріміз үйғарып
Таптық та ұтырын:
Сепкенбіз жиналып,
Әңгелек тұқымын.

Қектенті,
Қөрініз,
Құлпырып кетті енді.
Баптаймыз оны біз,
Жұрмейміз текке енді.

Қауызын ашқанда
Гүлдері құлпырды.
Құн сайын аспанда
Құлімдеп Құн тұрды.

Аспанға карадық,
Құн жүрді дөңгелеп.
Сол Құннен нәр алып
Толысты әңгелек.

ГҮЛ

Сендім де қүшіме
Жер казыл қүреклен.
Ауланып ішіне
Көктемде гүл еккем.

Қемекші болды інім,
Жүрмеді бөсіп құр.
Минеки, сол гүлім
Жайкалып есіп тұр.

Бір ара келді де
Конуга бекінді.
Жасаймын енді не?
Жайлайтын секілді.

«Сабагы бүгілді,
Құлатса қайтемін?
Шағып ап гүлімді,
Жыллатса қайтемін?»

Дедім де еппенен
Таяқпен тұртін мен,
Конуга беттеген
Араны үркіткем.

Ызылдан сол ара
Шүйілді өзіме.
...Тығылдым қорага,
Жас келді көзіме.

Шығармай үнімді,
Қорықкан хал мынау.
Қорғамай гүлімді,
Тығылып қалдым·ау.

БҮТАҚТАР

Басыпты қар,
Мұлгіп түр ағаштардың бар бұтағы.
Асықтырар
Кыр жаққа қол шана мен шаңғы тағы.
Бұтаққа жармаспадым,
Көрдім де қар басқанын.

Үнсіздік орнап, міне, қалды тағы
Қар басқан бағыма да.
Мұлгіп түр ағаштардың бар бұтағы
Көктемді сағына ма?
Бір боранға бір боран жалғасып кіл,
Бұтақты қар басып түр.

ҚҰЗ

Қарал түрмyn:
Сөні жоқ дағаның да,
Бір кірбің бар аспаниң қабағында.
Қайта-қайта түйілген кара бұлттар
Алып жетті жаңбырдың хабарын да.

Қарал түрмyn:
Сөні жоқ дағаның да,
Мазасы жоқ шалагай баланың да —
Су-су болып келеді бәтенкесі,
Білғи балшық інімнің балғында.

* * *

Құз де келді,
Салқындалы етеп күн.
Жел ыскырды.
Дүлей дауыл жетпек шыны.
Толын қалды жапыракка бір күнде
Кең ауласы біз оқытын мектентід.

Жапыракты жинап ата түзде жүр,
Соны көрін бір ой келді бізге бұл:
Үйіп қойған қокырсықты әдейі,
Шашын кеткен сotқар да бір —
құз де бір.

ҚҰЗГІ САЛҚЫНДА

Ізыннатың қурайді
Жел согады, согады.
Жапырактар шулайды,
Болқім, олар тоңады?

...Құлым жүр шанқылаң,
Ол да есті,
Тулайды.
Жел согады каттырак,
Жапырактар шулайды.

ҚАР МЕН ЖАНБЫР

Сирек көрер керемет бұл,
Таң қаларлық атты таң бір...
Себелеп түр,
Себелеп түр
Қар аралас сұық жаңбыр.

Күннің көзі күлсे кенет,
Орала ма сәнді елес бір.
Түр себелеп,
Түр себелеп,
Жаңбыр да емес,
Қар да емес бұл.

Жел үрлеген жер жүдеп бір
Тұрғандай-ақ мұнын айтып.
Ет-жүргегім елжіреп түр,
Бара жатыр құстар қайтып...

МЫСЫҚ

Өсіп кетсе ағамыздың сақалы
Үстарасын ызылдатып жатады.

Сол көрініс, бәлкім, мыктан ұналы?
Ала мысық үз-а-ақ қараң тұрады.

Козгалмастан отырганы бір түрлі —
...Ойлай ма еken «мен қайтем,— дәп,— мұртымды?»

ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Кетті үлкендер жұмыска,
Мен ізdedім балмұздак.
...Тығылды ма бұрышқа,
Мысығымыз жалғыз қап?

Қездім таныс көшемді,
Ұзақ жүріп қалыптын.
Жалғыз болсан осы енді,
Ойыннан да жалықтым.

Кеткеннен соң күн ысып,
Бір балмұздак алдым да,
Үйге келсем,
Бұрісіп
Мысығым тұр алдымда.

Түсті еken ол не күйге?
Тұр жұп-жуас болып тым.
Дегені ме:
— Мен үйде
Жалғыз қалып, қорықтым.

ТЫШҚАННЫҢ ӘКПЕСІ

Байқалмайтын тұстан
Тындан...
Пікір түйдім.
Әкпелеп жүр тышқан
Иесіне үйдін:

«Бермеген соң тамак,
Аш калынты мысық,
Сосын...
Бізге қараң,
Жүр той тісі қышып».

ЖАНСЫЗ БЕЙНЕЛЕР

Екі сурет ілулі тұр бөлмемде,
Ойланады құрбыларым көргенде.

Бірі мысық — тікірейген мұрты бар,
Бірі тышқан — құйттай ғана тұрқы бар.

Бірін-бірі әлі көрмей түреандай,
Деп күледі құрбым:
«Достық бұл қандай?»

Ал, ал...
Олар тірі болса егер де
Дүре-дүре...
Тыным болмас еді еденге.

ҚҰЛЫНЫМ

Бір рет көруге келер ме ен,
Құлыным шапқылап жүр әлі.
Шақлақ қант ұсынсам егер мен,
Үріклей қасымда тұрады.

Қасымда тұрганда жүйрігім,
Кейде мен абыржып қаламын.
Тарауға жалаң мен құйрығын
Жарамай қалады тарагын.

ҰЙҚАСЫН ТАП

Бага

Вірінші бала:

Куанып енемін
Үйіме кешке мен.
Себебі,
Келемін
Бага алыш... деген.

Екінші бала:

Күнім жоқ бос өткен,
Адалмын сертке мен.
Ең қызын есептей
Бага алдым... деген.

Үшінші бала:

Қайтемін дәлелдеп,
Сендердей күшті емен.
Бүгін де әрең деп
Бага алдым ... деген.

Төртінші бала:

Қосылып нем бар, әй,
Көп ойнап кетіп ек.
Айтамын мен қалай
Алғаным ... деп.

Түйін:

Саламын еске мен,
Мұны ойда сақтандар.
Бага алар ... деген
Үйқасты тапқандар.

МАУСЫМДАР

Шашып аспан ақ макта,
Дала аппақ түске енер.
Жаңа жылдық тақпаққа
Тақырып боп ... келер.

Жап-жасыл боп бар алап,
Күн сәулесін төккенде,
Арықты су аралап,
Келер сосын ... де.


Бірі қонып, бірі ұшып,
Қол жагалап қаз кетер.
Өзен жылып,
Құм ысып,
Ыстық маусым ... жетер.

Құстар қайтып барады
Жылы жакты іздеген.
Сап-сары қып даланы
Мезгіл келер ... деген.

Ұмытпағын,
Сені ел де
Бірауыздан мақтарын.
Тауып жазсаң егерде
Төрт маусымның аттарын.

АЗАМАТ ӨСЕ БЕРЕДІ

Болашағының бақытты
Болатынына сенеді.
Жақсы іске арнап уақытты
Азамат өсе береді.
Сүйеді Отан — үяны,
Табылар дәйім керегі.
Биікке самғап қиялы
Азамат өсе береді.
Шынықтырды ол денені,
Білімнің отын тұтатты.
Азамат өсе береді,
Оқиды талай кітапты.



МАЗМУНЫ

Бақыт бесігі

Азамат өсіп келеді	4
Кремль куранттары	5
Революция	—
7 наурызде	6
Отаным	—
Салют	8
Ұстаз	—
Мениң атам	9
Космонавт	10
Жорық жыры	—
Сақшы	11
Маңдай тердің жемісі	—
Галстук	12
Көп балалы үй	—
Балабакша	13
Сурет туралы сыр	—
Журналистің сыры	14
Офицердің ойы	—
Сауышының акылы	15
Фотографтың тәлімі	—
Почташының сыры	16
Мениң сурет дәптерім	—
Сурет салсам...	—
Лақ пен сурет	17
Мениң кейіпкерлерім	—
Бөпеме	18

Табиғат терезесі

Суыкта	20
Саяал	21
Кар жауды	—
Жасыл шырша	—
Мен туган күн	22
Аязда	—
Бірінші январьдан соң	24
Жылды жер	—
Кыста туган қошақан	25
Ойыннан соң	—
Нөсер	—

Менің кемем	26
Терезеден қарағанда	—
Құстар келер	27
Мәпелеймін	—
Еңбек	28
«Жуды нөсер...»	—
Жайлайу	—
Бояулар	29
Бұлак	—
Даладағы телескон	30
Гүлдер	—
Сағым	—
Жұнындырып жібереді	—
Жіде тере барғанда	31
Берекетсіз күйни	—
Әңгелек	32
Гүл	33
Күз	34
«Күз де келді...»	—
Күзгі салқында	—
Бұтактар	35
Кар меп жақбыр	—
Мысық	36
Жалғыздық	—
Тынқаның өкпесі	37
Жансыз бейнелер	—
Құлыным	—
Құрең сиыр	38
Үйректер	—

Біз өсіп келеміз

Қызық гүл	40
8 Мартта	41
Ат	—
Тұтін	42
Өсу	—
Таңертең	44
Тау етегінде	—
Аялдамада	45
Цифрлар	—
Мен мектепке баар ем	46
Балабакшадагы жаңалық	47
Сенің сағатың	—

Куаныш	48
Зерікпе	—
Жұмыс	49
Риза	—
Қемек	50
«Жанашыр»	—
Кұлық	51
Жалғыз қалған бала	52
Мылжың	53
Кластасымның сөзі мен өзі	—
Жауап	54
Ою	55
Уату	—
Бессік жыры	56
Бөпем күлді	—
Мысықтың көзі	57
Алғашқы адым	—
Тынығу	58
Дәрігер	—
Күн ерте шығады	59
Мұржасыз үйлер	—
Өкпе	60
Қауіп	—
Нені білем?	61
Қалада жоқ көмпіт	—
Құйып меп қаңбак	—

Жаңылтпаштар, жұмбактар

Жаңылтпаштар	62
Жұмбактар	64
Ойланып оқы	65
Үйкасын тап	66
Маусымдар	67
Азamat есе береді	68



25.06.99 2
Сұрақта 10 да
Геа 578711.
көңілдер от 2
545
есад саб.

Литературно-художественное издание

Серия «А лау»

Для детей среднего школьного возраста

Ертай Ашықбаев

ХОРОШАЯ ОЦЕНКА

Стихи, загадки

(На казахском языке)

Редакторлары — Б. Исаев, С. Оспанов

Суретшісі — Д. Отеков

Көркемдеуші редакторы — К. Егізбаев

Техникалық редакторы — Р. Винокурова

Корректоры — Н. Досболова

ИБ № 4488

Теруге 27.02.90 жіберілді. Басуға 3.01.91 көл қойылды.
Форматы 84×108^{1/32}. Кағазы тиц. № 2. Қаріп түрі «журналдық». Шығынды басылыс. Шартты бояу көлемі 3,8.
Шартты баспа табагы 3,51. Есентік басылу табагы 3,11.
Тиражы 7000 дана. Заказ № 2924. Багасы 15 тиын.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің
«Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай прос-
пекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің
«КИТАП» полиграфиялық қосіпорындары өндірістік бір-
лестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы,
480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.

